

## **Балалар хор ұжымдарының «Хор әндерінің фестивалі» қалалық байқауын өткізу туралы ереже**

### **Мақсаттары мен міндеттері:**

- балалар орындаушылығын рухани байыту және дамыту,
- отандық вокалдық орындаушылық дәстүрлерді сақтау және дамыту,
- классикалық жанрда хор шығармашылығын насихаттау,
- хормен академиялық ән салуды балалар мен жасөспірімдер арасында насихаттау,
- орындаушылық шеберлікті және сахналық мәдениетті арттыру,
- дарынды балаларды анықтау және қолдау,
- хор ұжымдары басшыларының шығармашылық байланыстарын кеңейту, (хормейстеров, вокал оқытушылары, ән-күй мұғалімдері).

### **Фестиваль-байқау бағдарламасында:**

- Қостанай қ. мектептерінің хор ұжымдарының бәсекеге қабілетті қойылымдары

### **Фестиваль – байқауды өткізу шарттары:**

Фестивальге (байқауға) Қостанай қ. мектептерінің хор ұжымдары қатыса алады, олардың құрамы 20 адамнан кем болмауы тиіс жасы 7 жастан 17 жасқа дейін. Қойылым бағдарламасын орындаушылық шеберліктерін, репертуардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін, ескере отырып, басшысы айқындайды. Шығармалар (сүйемелдеусіз) "а капелла", кез келген музыкалық аспаптың немесе фонограмма минус сүйемелдеуімен орындалуы мүмкін).

### **Қойылым регламенті:**

2 түрлі сипаттағы туындылары, 1 сүйемелдеусіз (5-7 минут);

### **Қазылар алқасы және бағалау жүйесі:**

Қазылар алқасының құрамында №1 БММ хор класы бойынша мамандары және қалалық білім беру бөлімінің өкілдері бар.

Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды. Ұжымның қойылымдары 10 балдық жүйе бойынша мынадай критерийлер бойынша бағаланады:

- музыкалық шығарманың көркем орындалуы,
- дауыс ырғағының тазалығы, вокалды-хор дағдылары,
- репертуар деңгейінің күрделілігі
- репертуардың орындаушылық мүмкіндіктері мен қатысушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі,
- әртістік және сахналық мәдениеті.

Өнер көрсету қорытындылары бойынша қатысушылар "Гран-при" иегері I, II, III дәрежелі лауреат, дипломанты және қатысушысы дипломдармен марапатталады.

**Арнайы сыйлықтар беріледі:**

- за лучшее исполнение военно-патриотической песни,
- за лучшее исполнение произведения без сопровождения,
- за артистизм,

На конкурсе фото-видеосъемка разрешена.

- әскери-патриоттық әндерді үздік орындағаны үшін,
- шығарманы сүйемелдеусіз үздік орындағаны үшін,
- әртістігі үшін,

Байқауда фото-бейне таспаға түсіру рұқсат етіледі.

**Қатысу шарттары**

Байқауға қатысу үшін өтінімді нысан бойынша (қоса беріліп отыр) білім бөліміне, № 201 каб. **2019 жылдың 26-наурызына** дейін ұсыну қажет.

**«Хор әні Фестиваліне» қатысуға  
Өтінім**

мектеп	Хор ұжымының атауы	Қатысушылардың жас тобы	Орындайтын шығармалары (музыка автор және сөзі)	Жетекшінің, концертмейстердың Т.А.Ә.

Директор: Т.А.Ә. қолы, мөр. Күні.

**Аталған іс-шара рейтингке есептеледі.**